АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

«Шәкәрім университеті» КеАҚ «Көлік қызметтері» білім беру бағдарламасы бойынша Абай облыстың орта білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында облыстық олимпиадаға қатысуға шақырады.

1 Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері

1.1 Олимпиаданың мақсаты: талантты және дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау, ғылымға және пәндерге қызығушылықты арттыру, сондай-ақ оқушылардың өз бетінше оқу дағдыларын дамыту, ой-өрісін кеңейту және ЖОО-ға түсуге дайындық

1.2 Олимпиаданың міндеттері:

– өз бетінше жұмыс істеу және кәсіби ойлауды дамыту дағдыларын жетілдіру;

– білім алушылардың орындалатын жұмыс үшін жауапкершілігін арттыру;

– кәсіби міндеттерді шеше білумен байланысты құзыреттерді қалыптастыру;

– Университет пен облыс және өңір мектептері арасындағы тығыз ынтымақтастықты дамыту.

2 Қатысу шарттары

2.1 Конкурсты ұйымдастырушылар. Байқау «Шәкәрім университеті» КеАҚ базасында өткізіледі және «Экономика және қаржы» кафедрасының оқытушылары мен «ҚТЖ - Жүк тасымалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - «МК Семей бөлімшесі» филиалының қолдауымен ұйымдастырады. Конкурстың өткізілуіне Ұйымдастыру комитеті басшылық етеді.

2.2 Қатысушылардың санаттары

Оқу орнынан командалар саны екеуден аспайды. Команда 5 оқушыдан тұрады.

2.3 Олимпиаданың жұмыс тілдері: қазақ, орыс.

2.4 Қатысу нысаны: офлайн

2.5 Олимпиада 2 турдан тұрады. Бағалау баллдық жүйе бойынша жүзеге асырылады.

1 тур - тест тапсырмалары. Әр нұсқа 20 сұрақтан, 5 жауаптан тұрады, оның біреуі - дұрыс.

Орындалу уақыты - 30 минут.

Бағалау критерийлері:

Әрбір дұрыс жауап үшін 1 балл

Жалпы балл саны – 20 балл

2 тур – кейс тапсырмасы (нақты немесе шартты түрде алынған жағдайды не мәселені жан-жақты сипаттап, оны талдау мен шешу арқылы білім мен дағдыны қалыптастыруға бағытталған тапсырма).

Орындалу уақыты - 30 минут.

Бағалау критерийлері:

- Математикалық есептеулердің дұрыстығы - 20 балл;
- Деректерді талдау және пайымдау логикасы - 20 балл;
- Географиялық сауаттылық - 15 балл;
- Шешімнің қорытындысы мен негіздемесі - 20 балл;
- Ресімдеу сапасы және жауаптың құрылымы - 10 балл;
- Шығармашылық және талдамалық тәсіл - 15 балл;
- Жалпы балл саны – 100 балл

Олимпиадаға дайындалуға арналған қосымша материалды осы сілтемелер арқылы жүктеп алуға болады:

1. Қазақ тілінде:
https://drive.google.com/file/d/1Y67Sl5Cnt8EC8gKUEbW5HSIicNoccjdO/view

2. Орыс тілінде:
https://drive.google.com/file/d/1CLfA9Z3npK5jfD1W8TiUtXfr86oVoTwj/view?usp=sharing

Әр команда жұмысының қорытынды бағасы (жинаған балл саны) әр тапсырма бойынша алынған балдарды қосу арқылы есептеледі. Олимпиада жеңімпаздары ең көп балл жинаған қатысушылар болып табылады, егер олардың нәтижесі мүмкін болатын ең жоғары балдың жартысынан асып түссе.

3. Олимпиаданы өткізу:

3.1 Олимпиаданы өткізу мерзімдері

1. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді беру - 2026 жылғы 09 қарашаға дейін (сілтеме арқылы *https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSfnhUcWL0PYxQU-0u7bPnX6WnjVI-Lr5plRPBgCfu8-J6f3Ng/viewform?usp=publish-editor*)

2. Өткізу орны: Абай облысы, Семей қ., Шәкәрім университеті, № 4 корпус (Шугаева 159/3), 2 этаж, кітапхананның оқу залы.

3. Олипмиаданы өткізу күні - **10 қараша 2026 ж. сағ.09:00**

4. Конкурс нәтижелерін жариялау - **10 қараша 2026 ж.**

5. Жеңімпаздар мен қатысушыларды марапаттау - **10 қараша 2026 ж.**

3.2 Жүлделі орындарға ие болған қатысушылар I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

3.3 Олимпиаданың барлық жетекшісілерге және қатысушыларына сертификаттар беріледі.

2026 жылғы **09 қарашаға** дейін олимпиадаға қатысуға өтінімді google нысанында толтыруды сұраймыз *(https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSfnhUcWL0PYxQU-0u7bPnX6WnjVI-Lr5plRPBgCfu8-J6f3Ng/viewform?usp=publish-editor)*.

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: Абай облысы, Семей қаласы, Шәкәрім университеті, № 4 корпус (Шугаева 159/3).

Ұйымдастыру комитетінің төрайымы: Бакиева Анара Баглановна, PhD, экономика және қаржы кафедрасының аға оқытушысы.

Ұйымдастыру комитетінің мүшесі, үйлестірушілер:

– Жумадилова Гульмира Амангазиевна, PhD, экономика және қаржы кафедрасының аға оқытушысы.

– Дюсембина Эльмира Маратовна ғылым магистрі, экономика және қаржы кафедрасының аға оқытушысы.

– Каптагаева Жулдыз Дилмухаметовна, техника және технологиялар магистрі, экономика және қаржы кафедрасының аға оқытушысы.

– Каримханов Бекзат Нурланович, техника және технологиялар магистрі, экономика және қаржы кафедрасының оқытушысы.